

ҚЫЗЫЛОРДА МЕДИЦИНА ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІНІҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТАРИХЫ

Мұхамедкарим А.Ә., 11 топ студенті

Ғылыми жетекшісі: тарихы пәні оқытушысы Нурпеисова Э.С.

Қызылорда медициналық жоғары колледжі

Қызылорда, Қазақстан

nurpejsovae@list.ru

Жергілікті арнайы кәсіби оқу орындарының тарихы облыстық ағарту бөлімі тарихының құрамдас бөлімі болып табылады. Сондай оқу орындарының бірі Қызылорда медициналық училищесі. 1928 жылы ашылған оқу орнының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихын білу өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне жәрдемдесетіні сөзсіз. Құрылған күнінен бүгінгі күнге дейін денсаулық сақтау ісіне отыз мыңнан аса орта буын медицина қызметкерлерін дайындаған оқу орнының өңіріміздің әлеуметтік - мәдени өміріндегі орнын зерттеу бүгінгі жергілікті тарихшы, зерттеушілер үшін өзекті.

Қызылорда медициналық училищесінің құрылуы, қалыптасуы және дамуы тарихынан өлке тарихының көрінісін елестетуге болады. Оқу орны тарихының негізгі кезеңдері кеңестік өлке тарихының негізгі кезеңдерімен сәйкес келеді. Бұл тұрғыдан алғанда да Қызылорда медициналық училищесі тарихы қызығушылық туғызатыны сөзсіз. Оқу орны атауының эволюциясының өзі көп нәрседен хабардар берер еді – Қазақ акушерлік техникумы, фельдшерлік мектеп, медициналық училищесі және тәуелсіздік жылдарында Қызылорда медициналық колледжі [1]. Кеңестік жүйедегі оқу орындары тәжірибелерінің бүгінгі таңдағы маңызын кемітуге болмайды. Тағы бір ескеретін жайт, өлкеміздегі орта арнаулы, кәсіптік оқу орындарының тарихы аз зерттелген. Зерттеу нысаны болып отырған Қызылорда медициналық колледжінің тарихына қатысты кезінде жергілікті және республикалық басылымдарда мақалалар жарияланғаны анық. Сол материалдардың барлығында іздеп тауып іріктеу, жүйелеу, саралау және бүгінгі күн тұрғысынан бағамдау бүгінгі зерттеушілердің парызы. Қызылорда медициналық училищесінің тарихына қатысты осы күнге дейін жарияланған мақалаларға естелік сипат басым. Біз ғылыми жұмысымызда негізгі дерек көзі ретінде мұрағат материалдарын алдық. Бұл тақырыбымыздың өзектілігін айқындайтын факторлардың бірі екендігі сөзсіз. Сонымен Қызылорда медициналық колледжінің соғыс жылдардағы тарихын білу - тарихи өлкетанушылық, қолданбалы және танымдық мәнге ие, өйткені республика тарихында арнаулы медициналық орта білім жүйесінің тарихын зерттеу ғылыми тұрғыда арнайы мәселе болып өз мәнісінде қойылмаған.

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихына келер болсақ, Қызылорда медицина жоғары колледжі Сыр өңірі аймағындағы ғана емес, республикамыздағы ең байырғы орта арнаулы оқу орындарының бірі. Өлкеде арнайы медициналық орта оқу орнының ашылуы кездейсоқ емес. Мұрағат деректерінен Сыр бойын мекендеген халыққа еуропалық дәстүрдегі медицина қызмет көрсетуінің алғашқы нышандары он тоғызыншы ғасырдың елуінші жылдары бой көрсете бастағандығы байқалады. XX ғасыр басында келген кеңестік биліктің жүзеге асырған оңтайлы іс-шараларының бірі патша үкіметі жүзеге асыра алмаған – медицина мамандарына деген зәрулікті жеңу мәселесін шешу болды. Қазақ өлкелік атқару комитеті 1927 жылы қазан айында аталмыш оқу орнын ашу туралы шешім қабылдап, соған орай үш кластық білімі бар қазақ жастарды әр аймақтан топтастырып, әуелі 6 айлық дайындық курсынан өткізген болатын [2, 8 б]. Әуелгіде Қазақ АКСР Денсаулық сақтау Халық комиссариатының 1928 жылғы 15 тамыздағы бұйрығымен алғаш «Әйелдер бөлімінің X жылдығы» атындағы қазақтың өлкелік медициналық акушерлік техникумы болып ашылған [2, 9 б]. Қызылорда медициналық жоғары колледжі ұзақ жылдар бойы қалыптасып, дамып, облысымыздың медициналық мекемелеріне өз ісіне адал, іскер мамандар даярлап шығаруға кірісті. Бұл оқу орнының тарихы Сыр өңірі медицинасының тарихымен біте қайнасып жатыр. «Қазақ

акушерлік техникумы» атауымен еліміздегі ең алғашқылардың бірі болып арнайы медициналық оқу орыны дүниеге келді. Сол жылы техникумның негізгі бөліміне республиканың әр түпкірінен келген 30 қыз қабылданды. Ауылдық жерлердегі жастардың басым көпшілігінің 3 жылдық қана білімі болатындықтан 60 адамға арналған екі дайындық бөлімшесін ашуға тура келді. Оқу мерзімі 5 жыл болып белгіленеді. Тұңғыш оқу базасы әскери гарнизонның ат қорасы мен шағын қалалық ауруханаға орналасады [2, 10 б].

Оқу орнында қазақ тіліндегі оқулықтар жоқтың қасы еді. Соған қарамастан халықтың білімге деген құштарлығы өте зор болды. Дайындық бөліміндегі қазақ қыздары орыс тілін жақсы меңгерді, негізгі бөлімге көшірілген уақытта олар орыс тілінде жүргізілген арнаулы пәндерді жақсы оқыды [3,16 б]. Сол жылдардағы қаулыға сәйкес барлық оқытушылар қазақ тілін білуі қажет болды, Оқытушылардың ішінде қазақ тілін білетін тек техникум директоры Просковья Ивановна Добронравова болатын [3,17 б].

1933 жылы 20 қазандағы КСРО Кеңес Халық комитетінің шешімімен Қазақ өлкелік БКП (б) комитетінде медициналық техникум 1934 жылы 1 қаңтардан бастап венерологиялық аурулармен күрес мамандарын дайындайтын болды. 1933 жылы оқу орнының атауы «Қазақ өлкелік акушерлік техникумы» - «Қазақ медициналық техникумы» болып өзгертілді. Бұл атау 1941 жылға дейін сақталынды. XX ғасырдың 30 жылдары кеңестік ұжымдастыру мен саяси құғын-сүргін саясатынан ел өлкеден үдере көшіп бас сауғалап жатқан уақытта өлке қаңырап қалды. Оның орнын толтыру үшін 1938 жылы Қиыр Шығыстан корей халқының бір бөлігі Сыр бойына қоныстандырылды. Бұл жағдай оқу орнының тарихында өз қолтаңбасын қалдырды. Атап айтқанда оқытушылар мен тыңдаушылардың қатарында олардың саны көбейді. 1938-1939 жылдары оқу орнының директоры болып Н.Д. Нигаи қызмет атқарды.

1940-1941 оқу жылдары медициналық техникумда 2 оқу тобы: негізгі бөлім (күндізгі бөлім) және 2 дайындық класы болып, онда 282 адам оқыды. 1940 жылы 15 желтоқсанда оқу топтары қысқартылды және дайындық бөлімдері жойылды. 1937-1938 жылдардағы кеңестік құғын-сүргіннің салқын ызғарынан бұл оқу орны да тыс қалмады. Нәтижесінде онсыз да мамандарға зәру оқу орнының оқытушылар құрамы барынша тұқыртылды [4, 33 б]. 1941 жылы 22 маусымда басталған Ұлы Отан соғысы шағын ғана оқу орнының өмірінде өшпес із қалдырды. Көптеген оқытушылар мен түлектер майданға аттанды. Соған қарамастан оқу орны өзінің қызметін жалғастыруы қажет болды. Соғыс жылдары оқу орны басшылығының жиі алмасуы да ауыр қасіретті жылдардан хабардар береді [4, 35 б.]. Мысалы 1941 жылы директор болып Б.М.Видро тағайындалды. 1942 – 43 жылдары директорлық қызметті Бекмұхамедов, Мансұр Ахметовтер атқарды. Директорлардың жиі алмасқандығы сондай әлі күнге дейін мұрағат материалдарында қарама-қайшылық деректер кездеседі [4, 20 б.]. Мысалы бір деректерде соғыс жылдары бұлармен қатар 1941 жылы А.С.Лидің, 1942 жылы Б.И.Видроның және 1943 жылы директоры Краснокутскаяның директорлық қызметті атқарғаны айтылады. Тіпті, оқу орнының атауы да өзгеріп, 1941 жылдың қаңтар айынан осы жылдың желтоқсан айына дейін ол - «Қазақ фельдшерлік-акушерлік техникумы» деп аталды. Бұл атау 1954 жылға дейін сақталынды. Қызылорда облысының қоғамдық-саяси тарихының мұрағат қорында оқу орны туралы 1942 – 1952 жылдар аралығындағы деректер аз кездеседі. Тіпті бұл жылдардағы деректер мүлдем жоқ деуге де болады.

Колледждің мұрағат құжаттарында 1942-1943 оқу жылы - 274 оқушы, 1943 - 1944 жылы 263 оқушы, 1944 - 1945 жылы 235 оқушы карточкамен нан алып оқып жүріп, соғысқа қажетті қаржы жинаған, отын дайындаған, облыстағы үлкен каналдар қазу науқандарына қатыстырылған [5, 6 б.]. Соғыстың барлық ауыртпашылығы оқу орнының жеке құрамының иыына осылайша түсті.

1947 жылы фельдшерлік мектептің директоры болып Видро қайтадан тағайындалды [5,76]. Соғыс жылдарымен салыстырғанда дәрігерлер саны бар болғаны 4 штатқа ұлғайды, яғни 1941 жылы дәрігер-оқытушылардың саны 6 –у болса, 1947 жылы олардың саны 10 – ға жетті. Бұл өте төменгі көрсеткіш еді. Соғыстан кейінгі жылдары Қызылорда облысы денсаулық сақтау бөлімі мен медицина қызметкерлері де барша кеңес халқы сияқты халық шаруашылығын бейбіт өмірге бейімдеу бағытында аянбай еңбек етіп жатты [6,188 б.].

Соғыстан соң майданнан аман оралғаннан кейін институт бітіріп, көп жылдар бойы жүйке - психика аурулары диспансерінің бас дәрігері болған Тұрсынбай Әшімов, отставкаға шыққанша әскери дәрігер болып қызмет атқарды. Өзінің туған оқу орнынан қол үзген жоқ. Оқу орнының түлектерінің бірі 20 жылдан аса облыстың медицина қызметкерлері кәсіподағын басқарған Кеңесбай Қалиев өзінің алғаш ұшқан ұясымен қарым - қатынасты үзбей, оқушылармен жиі кездесіп, ақыл - кеңесі мен естеліктері арқылы болашақ маман кадрлар тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосты. Соғыстан кейінгі жылдары фельдшер - акушер мектебінде кейін ғалым-хирург атанған А.С.Бдырысов, М.Г.Егорова, М.Н.Яншин, Чун - Сю Фушанович, Ш.Х.Донин, О.В.Ященко, Д.А.Черкасова, З.И.Лучко тәрізді белгілі дәрігерлер ұстаздық жұмысты да қоса атқарып, білікті арнаулы орта білімді медицина кадрларын даярлауға өз үлестерін қоса білді [7]. Бұл жылдардың түлектері Ернияз Омаров, Шәріпбай Әлназаров, Варлен Исаевтар – кейін облыс медицина саласының іскер басшысы, білікті мамандары атанып, көптеген дәрігер шәкірттерін тәрбиелеп, денсаулық сақтау саласын дамытуға зор үлесін қосты - «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігерлері», жоғары мемлекеттік марапат иегерлері атанды. Оқу орны түлектері басшылық қызметте жүріп, өздерінің ұшқан ұяларының Республика көлемінде беделді оқу орны атануына сүбелі үлестерін қосты. Беделді оқу орнының алғышарттары осылайша онан әрі жетілдіріліп жатты.

Түйіндей келгенде, бүгінгі Қызылорда медициналық жоғары колледжінің өлкеміз үшін Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өзіндік үлесі мен тарихы бар. Оқу орнының қызметі 1920 жылдардан бастау алып, қазіргі күнге дейін өлкедегі ең көне медициналық оқу орны ретінде қызметін жалғастырып келеді. Оқу орнының құрылуы, қалыптасуы және заманауи талаптарға жауап беретін осы заманғы оқу орнына айналуы өлке тарихының негізгі белестерімен қатар жүрді. Қызылорда медицина училищесі - өлкеміздің медициналық қызметке деген қажеттілігін қанағаттандырды және оқу орнының құрылуының өзі заңды құбылыс еді. Өлкеміздің әлеуметтік жағдайын жақсартуда, халықтың денсаулығын сақтауда облыстың қала, аудан, ауылдарында медициналық мамандар тапшылығына байланысты осы мамандық иелерін даярлаудағы Қызылорда медициналық училищесінің маңызы үнемі артып отырды. Әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдары оқу орны түлектері өз қызметтері мен борыштарын майданда адал атқара білді. Оқу орнының, құрылуы, қалыптасуы, және дамуының тарихын кезеңдерге бөліп қарастыратын болсақ, бұл жылдар, яғни 1928 – 1954 жылдар оқу орнының сұрапыл соғыспен қатарласа қиындықпен қалыптасуы жылдары деп атай аламыз. Бұл кезеңде оқу орны медициналық оқу орны ретінде өлкеден бөлек республика көлеміндегі орта буын медицина кадрларын даярлайтын кеңестік толыққанды және ажалға араша тұрушы, антына адал ақ халатты абзал жандарды дайындап шығарған негізгі медициналық мекемеге айналды.

Өлке тарихындағы Ұлы Отан соғысы жылдары Қызылорда медициналық жоғары колледжінің және түлектер қызметінің маңызын айтар болсақ, оқу орнының алғашқы түлектері ақ бұл оқу орны қызметінің алғашқы нәтижеле-рін көрсете бастады. Олар бұдан былайғы жылдарда жұмыспен қамтылған соң өздерінің адал да, бейнетті еңбекпен тер төгіп, оқу орнының мақтанышы-на айналған алғашқы қарлығаштары болды. Бұны оқу орнының оқытушыла-рының тынымсыз еңбек етіп, үздіксіз жүрген оқу-тәрбие үдерісінің нәтижесі деп білеміз. Соғыс жылдарында жараланғандарды майдан алаңына қайта қо-сып жіберуде Қызылорда медициналық техникумының түлектері шұғыл түр-де қажетті мамандар болды. Бұдан былайғы жылдарда еліміздің экономикасы мен ауылшаруашылығы майдан қажетіне бейімделе бастаса, оқу орны да осы жылдардан бастап мамандарды соғыс игілігіне даярлай бастады. Адам анато-миясы, жарақат, жарақатты емдеп жазу тәсілдері, медициналық алғашқы кө-мек, науқасты күтіп баптау мәселелеріне баса назар аударылып, тереңдете оқытылды. Жылдан жылға оқу орнының түлектеріне деген сұраныс арта бер-ді. Соғыс жылдарындағы жағдайдың күрделілігіне, оқу бөлмелерінің жетіс-пеушілігіне қарамастан техникум оқушыларының сабаққа деген ынтасы, бі-луге деген ықыластары зор болды. Бұл жерде сол кездердегі техникум оқытушыларының талмай ізденуі, сабақты өткізу

технологиясын білгендігі, педагогикалық шеберліктерін пайдаланып еңбек еткендіктерін айта кеткен жөн. Соғыс аяқталған соң бейбіт экономикаға көшу кезінде техникум бейбіт халықты емдеп жазуға арналған мамандарды шығара бастады. Олар нағыз аңызға айналған, елімізге танылған өз ісін жақсы меңгерген, өлкеміздің сол кезеңдегі медицинасының дамуында есімдері алтын әріптермен жазылып қалған өз ісінің майталмандары еді. Олай дейтін себебіміз, сол кездегі идеология ғылым мен білімге баса назар аударылған кезең еді. Соғыс жылдарында ғылым мен білім, экономика соғысқа жұмсалса, соғыстан кейінгі жылдарда кеңестік социалистік жарыста озық әдіс, технология, ғылыми мамандар, сауатты мамандар даярлап шығару міндеті алға қойылды. Оқу орны медициналық білім берумен қатар ізгілік, моральдық, адамгершілік категорияларымен тәрбиелейтін ізгілік ұясы болды.

Заманауи денсаулық сақтау саласы халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің үнемі жоғарылап отыруын көздейді. Сондықтан Қызылорда медициналық училищесі еліміздің барлық госпиталдарымен тығыз байланыс орнатып, тәжірибе алмасып отырды. Училище оқушыларын мамандықтарына баулып, науқас күтімін жақсы меңгеруі үшін тәжірибелік іс-машықтығына дағдыландыру үшін практикалық сабақтар көптеп ұйымдастырылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында жұмысты ұтымды ұйымдастыра алатын, науқастың толық күтімін жасай алатын, іскер, еңбекқор мамандар майдан даласында байқалып жүрді.

Міне, сондықтан Қызылорда медициналық колледжінің өлкенің оқу-ағарту және денсаулық сақтау жүйесіндегі орны ерекше болды. Орта буын медициналық мамандар жаппай жетіспей жатқан жағдайда оқу орны бұл қажеттіліктердің орнын толықтырып отырды. Тұрғындардың арасында оқу орнының беделі жоғары болды. Алғашқы құрылған уақыттан бастап, акушерлік мамандыққа деген қажеттіліктің зор болуы өлкедегі демографиялық жоғарғы ахуалдан хабардар береді. Оқу-орнының түлектері Отанымыздың тарихындағы күрделі ұжымдастыру, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, соғыс жылдарында оқу орнының түлектері халықтың денсаулығын сақтап қалу жолында аянбай еңбек етті. Сонымен қатар Қызылорда медициналық училищесінің мәдени өмірі республикамыздың, облысымыздың, қаламыздың қоғамдық-мәдени дамуымен тығыз байланыста. Себебі бұл оқу орнында тек білім беріліп қана қоймай, сол кездегі қоғам өміріне бейім, жан-жақты саналы, ой-өрісі жоғары, өнерлі, еңбекқор тұлғалар шығару міндет етіп қойылған. Оқу орнының жыл сайынғы дәстүрі болып қалған сабақтан тыс іс-шаралар, конференциялар, үйірмелер, түрлі жарыстар, кездесулер, мерейтойлар өткізіліп отырылды. Тек өлкемізде ғана емес, республикамыздың түкпір-түкпіріндегі аймақтардағы жарыстар мен конференцияларға қатыстырылып оқу орнының оқушыларының білім деңгейлері мен ой-өрістері шындалып отырылған. Қатысушылар алғыс хаттар, дипломмен марапатталып отырған. Медициналық бұл оқу орнында оқушыларды эстетикалық тәрбиелеуге үлкен мән берілген. Тәрбиенің мақсаты әрбір оқушының талғамын дамытуға негізделген. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы өлке тұрғындарын тазалыққа, эстетикаға, ұқыптылыққа насихаттауда оқу орнының ролі зор болды. Оқу орнының алғашқы түлектері осындай тәрбиемен шындалып, еңбекқорлыққа тәрбиеленудің нәтижесінде өлкеміздегі халықтың денсаулығын сақтаудың жақсара түсуіне өз үлестерін қоса білді. Оқу ғимаратының тарлығы, оқу процесіне кедергі келтірген қиындықтары бола тұрса да, әр топ оқу бөлмелерімен қамтамасыз етілген. Ол топтарда білім мен тәрбие жұмыстары қатар жүргізілген. Медициналық мәдениет, этика, адамгершілік, тазалық тәрбиелерінің арқасында оқу орнының түлектері өз ісінің шеберлігімен қатар сенімді, аялы алақанымен науқастың нағыз қамқоршысы бола білген. Ұлы Отан соғысы жылдарында да оқу орнында сабақ процесімен қатар ерлікке, отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа, адамның денсаулығына жанашырлықпен қарауға негізделген тәрбие сағаттары жүргізіліп тұрды. Әр топтың өз топ жетекшілері тәрбие жұмысын жүргізді. Жастарды ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеуде ұрандардың, өсиетті сөздердің ролі зор болды. Қызылорда платинасын тұрғызу ісіне түлектермен қатар медициналық училище оқушылары да шұғыл жұмылдырылады. Бұл су қақпасының игілігін облыс халқы осы күнге дейін

көруде. Оқу орнының көптеген түлектері осы жылдары еңбектері еленіп, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталып жатты.

Кеңестік маманды қалыптастыруда маңызды орынды еңбек тәрбиесі алады. Училище толығымен өзін-өзі қызмет атқаруға көшірілген. Оқушылар училище территориясының құрылымына, ғимараттардың күрделі жөндеу жұмыстарына, қалалық сенбіліктерге және жексенбіліктерге, егін орағына белсенді түрде қатыстырылды. [7, 18 б.].

Енді Ұлы Отан соғысы жылдарындағы оқу орнымыздың түлектерінің қызметі жайында айтар болсақ, соғыс және еңбек ардагері 1939 жылғы түлегіміз, ішкі істер қызметінің генерал-майоры - Нұролла Әлмағанбетов. Ол 1939 жылы сол кездегі оқу орнымыздың атауы «Қазақ медициналық техникумын» бітірген соң әскер қатарына алынып 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде «№101 Қазақ ұлттық атқыштар бригадасының» әскери фельдшері болып, жаралыларға көмек көрсеткен. Осы бригаданың құрамында Калинин, 1-ші Прибалтика майдандарындағы небір ауыр шайқастарды басынан өткереді. Әлмағанбетов Нұролла ұрыс даласындағы өшпес ерлігі үшін жауынгерлік «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. Қарша бораған оқ астында басын өлімге тігіп, мыңдаған жаралы жауынгерлерді ажал тырнағынан аман алып қалды. Сөйтіп, 1946 жылы елге жеңіспен оралады. Елге келгеннен кейін халық шаруашылығын қайта қалпына келтіруге өз үлесін қосып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Соғыс жылдарында ерен ерлік көрсеткен түлектеріміздің тағы бірі - Қалиев Кеңесбай Смағұлұлы. Ол 1941 жылы сол кездегі атауы Қызылорда фельдшерлік-акушерлік мектебін бітіріп, 1941 жылы 19 тамызда армия қатарына шақырылған. 1941 жылы желтоқсан айында Мәскеу түбіндегі Ұлы шайқасқа қатысқан. 183-ші атты әскер корпусында фельдшер, полктың медициналық пунктінде взвод командирі болып, алдыңғы шепте жаралы жауынгерлерге бірінші дәрігерлік көмек көрсеткен. Кейін, I Белорус майданында 162-атқыштар полкі құрамында Белоруссияны, Кенигсбергті, Берлинді азат етуге қатысқан. Соғыстан кейін офицер шенінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери құрамында 1946-1951 жылдары Литвада, 1951-1960 жылдары Түрікменстан шекарасында қызмет атқарған. 1960 жылы елге оралып, Облыстық Қызыл Крест, Қызыл Айшық комитетінің төрағасы, 1964 жылдан зейнеткерлікке шыққанша 20 жыл облыстық медицина қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқарады. Ұлы Отан соғысында ерліктері жоғары бағаланып екі «Қызыл жұлдыз», 2-дәрежелі «Отан соғысы» және 18 медальдармен, бейбіт өмірдегі жемісті еңбектері үшін КСРО-ның Құрмет Грамоталарымен марапатталған. Келесі батыр түлегіміз - Әшімов Тұрсынбай Ешпанұлы. Ол 1939 жылы Қызылорда фельдшерлік-акушерлік мектебін «үздік» бітірген соң 1940 жылы әскер қатарына шақырылып, Амурдағы Комсомольск қаласындағы дивизиялық гарнизонында фельдшер, соғыс басталғанда Жапониямен шекарадағы полкта фельдшер қызметін атқарған. Жапония империализміне қарсы шабуылдарға қатысып, ерлікпен жаралыларды қан майданның нақ ортасынан алып шығып, әскери дала госпиталіне жеткізіп отырған.

Соғыстан кейін 1954-1960 жылдары Қазақ мемлекеттік медициналық институтында оқып, «үздік дипломмен» бітірген. 1960 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін облыстың психоневрологиялық аурухананың бас дәрігері қызметін атқарған.

Тұрсынбай Ешпанұлының соғыстағы және бейбіт өмірдегі Еңбегі жоғары бағаланып, «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендері және ондаған медальдармен марапатталған.

Батыр түлегіміз - Айтуғанов Батырхан 1941 жылы Қызылорда фельдшерлік – акушерлік мектебін бітіргеннен кейін соғыс басталып, сол жылдың қараша айында облыстық әскери комиссариаттың шақыруымен соғысқа аттанды. Қараша айының аяғында Харьков қаласының түбінде бірінші рет соғысқа қатысқан. Инструктор әскери фельдшер болып, санитарлық соғыс даласында жаралыларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсеткен. Венгрияны азат еткеннен кейін Польша, Чехословакия, Австрия жерінде болған кескілескен ұрыстарда Айтуғанов санитарлық бөлімшесі алдыңғы қатарда жүріп, ерліктерімен көзге түсті.

Б.Айтуғанов 1946 жылдың желтоқсанында аман-есен елге оралды. Шиелі аудандық денсаулық сақтау бөлімі «Еңбекші», «Жиделі», «Ақтөбе» ауылда-рына фельдшерлік бөлім бастығы етіп тағайындалды.

Б.Айтуғанов соғыста 2 рет жараланған. Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлерге жанкештілік медициналық көмек көрсеткені үшін «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен, ондаған медальдармен наградталған.

Жалпы Ұлы Отан соғысына қатысқан он бес мақтан тұтар түлектеріміз 2018 жылы жарыққа шыққан, құрастырушылары колледж ардагер тарихшы ұстазы Ахмет Шарапатұлы мен колледж тарих пәні оқытушысы Эльмира Серікбайқызы болып табылатын оқу ордамыздың 90 жылдығына арналған «100 есім» жинағына еніп отыр.

Қызылорда медициналық колледжінің 70 жылдық мерейтой қарсаңында, яғни 24-25 маусымда колледжде медицина колледждері директорларының республикалық мәжіліс-семинары өткізіліп, олардың қатысуымен колледждің тарихи мұражайы салтанатты жағдайда ашылды [8,266]. Бұл мұражайға сонау акушерлік мектеп ретінде ашылған кезеңдерінен бастап күні бүгінге дейін тарихын бейнелейтін суреттер, деректі материалдарды іздестіріп, оларды жинақ, фото-понорама ретінде стендтер дайындалды.

Қорытындылай келгенде, оқу орны қызметінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы маңызы ұшан-теңіз. Ғасыр жасап отырған бұл оқу орнының оқытушылары мен түлектері Ұлы Отан соғысына өз еріктерімен аттанып, қажырлы ерліктерімен көзге түсіп, соғыс тарихында өз қолтаңбасын қалдырды.

Қорытынды

Бүгінгі күні еліміздің өз төл тарихы танылып жатқан кезеңде тарихымызға түбегейлі толықтырулар енгізіліп, өткенге жаңа көзқараспен қарау, сын тұрғысынан талдау, жаңаша көзқараспен ойлау, Кеңестік дәуірде берілген баға, пікір, тұжырымдарға әділ де, нақты ой тую қалыптасты. Әсіресе тек бір ғасырдың өзіндегі кеңестік жүйе құрылымында болған өлке тарихын жаңаша саралауға жол ашылды. Кіші медицина қызметкерлерін даярлау - қоғам қажеттілігінен туған құбылыс болды. Оқу орнын бітіріп шыққан түлектер дәрігердің білімді, табанды, сенімді көмекшісі бола білді. Сонымен бірге оқу орны қызметкерлерінің қоғамның мәдени - саяси өміріндегі орны мен рөлі айшықталды. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қызылорда медицина жоғары колледжінің қызметін нақтылы материалдар негізінде зерттеу барысында сол тарихи кезеңдегі құбылыстарды терең танып, оған дұрыс баға беруге деген мүмкіншілік туып отыр. Тарихшылар үшін өзекті болған күні бүгінге күнге дейін денсаулық сақтау ісіне отыз мыңнан аса орта буын медицина қызметкерлерін дайындаған оқу орнының өңіріміздің әлеуметтік - мәдени өміріндегі орны айқындалды. Өз өлкеміздің тарихын білу өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне жәрдемдесетіні сөзсіз.

Қызылорда медициналық училищесінің оқытушылар құрамы мен оқушылар қауымы облыстың қала, аудан, ауыл өмірінің барлық қоғамдық саяси және мәдени өмірімен тығыз байланысты. Бұл уақытқа дейін Қызылорда медициналық жоғары колледжінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихы арнайы зерттеу нысаны болған жоқ еді.

Біздің ғылыми жұмысымыз мұрағат материалдары негізінде жазылды. Бұның өзі тақырыпты зерттеуде жаңа деректердің табылуы негізінде жаңаша қырынан қарауға мүмкіндік берері сөзсіз. Сонымен Қызылорда медициналық колледжінің тарихын білу - тарихи өлкетанушылық, қолданбалы және танымдық мәнге ие.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚОҚСТМА 23-қор, 1 тізімдеме, 53 іс.
- 2 ҚОҚСТМА 23-қор, 127 іс, I тізімдеме. 44-45 п.
- 3 ҚОҚСТМА 235-қор, 44 іс, I тізімдеме. 198 п.
- 4 ҚОҚСТМА 235-қор, 41 іс, 1 тізімдеме, 33 п.
- 5 Қызылорда медициналық колледжінің мұрағат қоры құжаты. 16 п.